

**2021-2022 оқу жылындағы «Нұрлы- көш орта мектебі» КММ-нің
Кезектеп тыс педагогикалық кеңес отырысының № 5 хаттамасынан көшірме**

Өткізілу мерзімі: 04 ақпан 2022 жыл

Қатысқандар: 30 педагогикалық ұжым

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. «Нұрлы-көш орта мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалауын өткізу туралы

мектеп директоры А.К.Уразтасва

Тыңдалды:

Мектеп директоры А.К.Уразтасва

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021ж. №366) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын басшылыққа ала отырып, педагогикалық кеңес шешім етті

Шешімі:

1. «Нұрлы-көш орта мектебі» КММ-де жүргізілетін өзін – өзі бағалау жұмысының жүргізілу мерзімі 2022 жылдың ақпан айының 04-25 аралығы болып бекітілсін.
2. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу үшін комиссия құрылып,бекітілсін.
3. Өзін-өзі бағалауды жүргізуде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды», ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021ж. №366) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары басшылыққа алынсын.

Хатамма көшірмесі дұрыс

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



А.К.Уразтасва

Д.К.Алпамыс

**2021-2022 оқу жылындағы «Нұрлы- көш орта мектебі» КММ-нің
Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының № 6 хаттамасынан көшірме**

Өткізілу мерзімі: 26 ақпан 2022 жыл

Қатысқандар: педагогикалық ұжым

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. «Нұрлы-көш орта мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы туралы
мектеп директоры А.К.Уразтаева

Тыңдалды:

- 1. Мектеп директоры А.К.Уразтаева**

Мектеп директоры Уразтаева А.К. 2022 жылдың 04-25 ақпан аралығында жүргізілген өзін-өзі бағалаудың қорытынды анықтамасымен ұжымды таныстырды. Комиссия мүшелері 04-25 ақпан аралығында өздеріне жүктелген міндеттерге сай өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізді. Комиссия мүшелері бағалау өлшемшарттарының критерияларына сәйкес зерделеу жұмысын жүргізді...

Тыңдалды:

- 2.Отаралина Н.М. оқу-тәрбие орынбасары ,комиссия мүшесі**

04-25 ақпан аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілді. Мектепалды даярлық тобы зерделеніп Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығында көрсетілген (26.07.2021ж. №366 бұйрығы өзгерісімен) 1 параграф өлшемшартына сәйкес жүргізілді. 1-11 сыныптарда білім мен тәрбие үрдісін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығында көрсетілген (26.07.2021ж. №366 бұйрығы өзгерісімен) 2 параграф өлшемшартына сәйкес жүргізілді. Қорытынды анықтамамен таныстыра келе, зерделеу барысындағы әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктерге тоқталып, тиісті ұсыныстар берілді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021ж. №366) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде жасалған өзін-өзі бағалау кестесімен таныстырды...

- 3.Баканова Л.З. Бастауыш сынып әдістемелік бірлестік жетекшісі ,комиссия мүшесі**

2017-2021 оқу жылдарын зерделей келе мектептегі мектепалды даярлық тобы мұғалімдерінің және бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілік санаты бойынша саналық құрамын, яғни педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші санатты мұғалімдердің үлесін арттыру керектігін атап өтті. Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелерінің көрсеткіші жақсы екендігінің, дегенмен республикалық, халықаралық шараларға қатысу, нәтижеге жету жұмыстарының тиімділігін арттыру.

- 4.Жарылканова К.И. физика пәнінің мұғалімі ,комиссия мүшесі**

2017-2021 оқу жылдарын зерделей келе мектептің материалдық базасының білім сапасына тигізетін әсерін айта келе, мектепте лабораториялық құралдардың жетпейтіндігін атап өтті.

Сонымен қатар спорттық құрал-жабдықтардың санын толықтыру керектігі, ер балалар мен қыз балаларға арналған шеберханаларды қосымша жабдықтау қажеттігі айтылды. Оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру үшін атқарылатын жұмыстардың тиімділігін дамыту керек екендігі баса айтылды.

Шешімі:

1. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша анықталған көрсеткіштермен жұмыстану;
2. Өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы 2022 жылдың 1 наурызына дейін мектептің **nurlykosh.edu.kz** сайтына орналастырылсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



А.К.Уразтасва

Д.Қ.Алпамыс